

« Облыстық балалар оңалту орталығы » ШЖҚ МКК-ның

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы

хаттамасы № 2

« 29 » сәуір 2024 жыл

Шымкент қаласы.

Төраға : Шнетов. А

Хатшы: Әбді. Б

Қатысқандар: Облыстық балалар оңалту орталығының жеке құрамы

КҮН ТӘРТІБІ

Күн тәртібінде: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарылықтарына өзгерістер енгізу туралы

(Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802-V жарлығы)

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі

(Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ) танысу, жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатындағы ақпараттық түсіндіру жұмыстары туралы.

Төрағалық етуші А.А Шнетов жиналысты ашық деп жариялап кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың бірі түсіндірме жұмыстары табылатының ескері, сөзін жалғастырды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін барынша азайтуға, азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға тарту жөнінде шаралар қабылдауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты мониторингтеуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметі бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты реформалар мен жобаларды қамтитын 6 міндеттер блогы қамтылған.

Қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарламағаны үшін азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің құрамы кеңейтілгендігі, пара бергені және паракорлыққа делдел болғаны, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін жауапкершіліктің қатаңдатылғаны жөнінде ақпарат айтылып өтті, және

кәсіпорнының қызметкерлеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлықтың көрінісі немесе деректері туралы Кәсіпорнының басшылығымен Комплаенс қызметіне тез арада хабарласу керектігін айтты. Әрі қарай өз баяндамасында сыбайлас жемқорлықпен мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларда болдырмауға қалыптастыруды және осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруды қажет екенің туралы толыққанды мәлімет берді.

жиналыстың соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, Кәсіпорнының қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы А.А Шнетов жиналысты қорытындыдады

Төраға

Хатшы



Шнетов.А

Әбді.Б